аптаалық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

№ 35/627

30 августа 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

## КАЗАХСТАН МОЖЕТ СТАТЬ ОДНИМ ИЗ НАИБОЛЕЕ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНЫХ МЕСТ ДЛЯ ТУРИСТОВ



**Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев принимает участие в работе Международного туристского форума "Улытау – 2019", передает Kazpravda.kz со ссылкой на Twitter Акорды.**

"Казахстан уже в ближайшем будущем может стать одним из наиболее привлекательных мест для зарубежных и отечественных туристов, а также одним из мировых центров этнотуризма. Необходимо обеспечить информационную доступность туристического потенциала Казахстана с помощью креативных и инновационных решений",- сказал К. Токаев.

"Нами принята отраслевая госпрограмма. Ее полная реализация позволит увеличить долю туризма в ВВП до 8%. Число въездных посетителей должно вырасти до 9 млн, а внутренних туристов – до 8 млн человек. Число занятых в этой сфере людей следует довести до 650 тыс. чел", - добавил Президент РК.

Глава государства призвал разработать интегрированное приложение или платформу, которая обеспечит туристов всей необходимой информацией о Казахстане, и прежде всего об Улытау и других исторических местах.

"Учитывая серьезный мультипликативный эффект от индустрии туризма, нам следует максимально привлекать предпринимателей для строительства гостевых домов, пунктов питания, отдыха во всех рекреационных зонах Казахстана, в том числе через возможности НПП "Атамекен",- отметил Президент РК.

**Источник: www.kazpravda.kz**

## ҚАРАҒАНДЫДА «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

**Кеншілер астанасында өткен «Мерейлі отбасы» республикалық байқауының облыстық кезеңіне өңірдің барлық қалалары мен аудандарынан 19 отбасы қатысты. Қазылар алқасы үздіктерді анықтар кезде отбасының тарихы мен дәстүрін, әулеттің белгілі бір мамандыққа адал болуын және шаңырақтағы балалар санын ерекше назарға алды.**

Байқауға Жезқазғаннан келіп қатысқан Қайрат Тағамбаев мұндай шара шарапатының мол болғанын жасырмады.

-Маған осы байқауға әкімдік қызметкерлері қатысуға ұсыныс жасады, себебі мен көп балалы әкесімін – бес балам бар. Мен өзім де он баланың бірімін, менің атаанамның 25 немересі бар, олардың тегі Салқауовтар. Портфолио жинау осынша қызықты болады деп күтпеген едім. Ол үшін құжаттарды дайындау тіпті де қызықты болды. Мен оларды екі апта бойы жинап, отбасы туралы көптеген қызықты мәліметтерге қанық болдым. Кейбір деректерді білмейді екенмін, ал біразын ұмытып та қалыппын. Бұл бір қызықты тәжірибе болды. Бұл іске барлық туыстарымыз жұмылды. Біз өз отбасымыздың тарихын балаларға айтып, оны білу маңызды екеніне көз жеткіздік, – дейді ол.

Биыл да облыстық кезеңде отбасыларды іріктеу өлшемшарттары аймақтық байқаудағыдай болып өзгеріссіз қалды. Есесіне, бәсекелестік айтарлықтай өсе түскен.

Мысалы, Жезқазғаннан келген Стамқұловтар отбасында 11 бала, 33 немере, 17 шөбере бар. Отағасы Әлирахман Стамқұлов 20 жыл мектеп директоры болып жұмыс істеген екен, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған. Ол кісінің зайыбы Роза Секемpopovaның айтуынша, отбасының барлық мүшелері жиі бас қосып тұрады екен.

-Мерекелерде міндетті түрде бас қосып, ет асамыз. Бұл дәстүр болып кеткен, – дейді отанасы.

Байқауда Қарағанды қаласының танымал отбасылары да бақ сынады. Мысалы, «Дарынды бала» жекеменшік балабақшалар желісінің және «Дарынды ана» коворкинг-орталығының негізін қалаушы Айнагүл Хамитованың отбасы қатысып, конкурстың көрігін қыздырды. Іскер әйел бес баланың анасы. Оның атасы Төлеухан Хамитов Ұлы Отан соғысының ардагері екен. Ал анасы Сәния Хамитова ұзақ жылдар аудандық емханада дәрігер болып жұмыс істеген.

Сонымен, «Мерейлі отбасы» байқауының облыстық кезеңінде бас жүлдеге Хамитовтар әулеті лайық деп танылды. Жеңімпаз отбасыға «Жартас» шипажайына 10 күнге жолдама берілді. Екінші жүлдені Жезқазған қаласы атынан қатысқан Салқауовтар отбасы отбасы иеленді. Республикалық комиссияның шешімімен енді олар елордада өтетін байқаудың ақтық сайысында Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады. Ал, үшінші орын Стамқұловтар отбасына бұйырды.




-Облыстық кезеңде отбасымыздың мүшелері толық жинала алмай қалды. Қарындасым мен келінім жуырда босанып, қатыса алмады. Бірақ республикалық кезеңге барлығы келеді деген үміттемін. Біз финалға толық дайынбыз, – дейді Салқауовтар отбасының көшбасшысы Қайрат Тағамбаев.

Байқауға қатысып, бақ сынаған отбасылардың барлығына естелік сыйлықтар тапсырылды.

**Дерек-көз: www.egemen.kz**
**Қарағанды облысы**

## В ПЕРИОДЫ КРИЗИСОВ ОЧЕНЬ ОПАСНО РАСШАТЫВАТЬ СИСТЕМУ - Н.НАЗАРБАЕВ

**Первый Президент РК Нурсултан Назарбаев назвал 3 главных "рецепта" успеха развитых стран, передает корреспондент передает Kazpravda.kz.**

"Необходимо извлечь урок из опыта стран, которые являются лидерами как в экономике, так и в области политического развития. Если глубоко проанализировать, то можно выделить три главных рецепта успеха тех стран, которые вошли в 30-ку совпадает с нашими", – сказал Назарбаев на расширенном заседании политического совета партии Nur Otan.

По его словам, нужно обеспечить политическую стабильность и согласие в обществе.

"Мы не католики и не протестанты, у нас есть свое понимание вещей. И перенести лекало с Запада на Казахстан – это не будет работать. Это видно. Поэтому,




развитых стран. Если посмотреть – а я изучал именно это, как достигали успеха в Юго-Восточной Азии и Европе – мы сегодня достигли определенного уровня и попадаем в ловушку среднеразвитых стран, когда они доходили до $12-13 тысяч на человека, и на этом их экономика останавливалась. Если что-то не предпринимать. Поэтому мы идем наравне с теми странами, менталитет, культура и история которых, первым делом в развитии были политическая стабильность и согласие в обществе – только через это государство может развиваться. В периоды кризисов очень опасно расшатывать систему. Наоборот ее надо укреплять и единым фронтом двигаться вперед", – продолжил Елбасы.

Назарбаев отметил, что для общего успеха стране нужны сильные лидеры и сильные партии, нацеленные на развитие и консолидацию общества, чутко реагирующие на запросы людей.

"Критически важны в этот период преемственность и последовательность политического курса. В этом году нам будет 28 лет. Давайте, вспомним, кем были, в какой системе жили и чем руководствовались. Что сейчас? Земля и небо, правильно? Так что, мы – молодое государство с молодой демократией. Нам "американская шапка" никак не подойдет. Для такой демократии, как в Европе, о которой все орут, необходимо развитое общество", –подчеркнул Первый Президент.

По словам Елбасы, государству, в котором 50% людей живут за счет малого и среднего бизнеса, есть, что терять.

"Они за устойчивость государства. А у нас этого нет. Мы еще не достигли 30%. У таких людей (среднего класса) есть свой дом, своя машина, своя работа, свои доходы, за которые они держатся, а значит, держатся и за стабильность в обществе. Вот такая последовательность стратегического курса нужна", – заключил Н.Назарбаев.

**Источник: www.kazpravda.kz**

30-ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

# АТА ЗАҢЫМЫЗ - АЙБАРЫМЫЗ!

Жаз айының соңына қарай келетін тағы бір мемлекеттік мереке есік қаққалы тұр. Ол – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні. Аталмыш мерекенің қазақстандықтар үшін айрықша салмағы мен мән-мағынасы бар. Сондықтанда бұл мерекені




лайықты қарсы алып, атап өту біздің Приозерск қаласы тұрғындарының да парызы һәм қуанышы. Кез-келген елдің, мемлекеттің тәуелсіздігін айқындайтын құжат ол – Конституция. Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістер, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы – өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуы қажет. Бұл еркідік сүйгіш, патриоттық дәстүр 16-желтоқсан оқиғаларына дейін жалғасты. Осылайша Тәуелсіздік күннің оңайлықпен келмегенін білеміз. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға бар өмірін сарп еткен хансұлтандар мен батырларын тарихқа өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалар ретінде күні бүгінге дейін бізге жеткізді. Бұл қасиетті шежіре бүгінгі буын арқылы келер ұрпақтың бойынан жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік. Осы өнегені, елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді жастардың бойына дарыта отырып, патриоттық рухта тәрбиелеу – бүгінгі таңда әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы.

Талай-талай қилы заманды бастан өткеріп, ешкімге бас имеген қазақ халқы қазір әлемдік дүбірге қосылды. Тәуелсіздік жарияланғаннан бергі тұста көптеген табыстарға қол жетті. Елдегі мемлекет қызметін, оның органдарының, соттардың, прокуратураның, сонымен қатар адамның, азамат пен азаматтық қоғамның негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің түбегейлі принциптерін анықтайтын құжат – Конституцияның қабылдау үлкен жетістік болды. Ата Заңымыздың негізгі құжаты 1995-жылдың 30 тамызында қазіргі Негізгі Заң – Конституция қабылданды. Барлық қазақстандықтар шынайы азаматтық қоғам құруға қажетті құқықтық нормалар қабылдау үшін жалпы халықтық референдумда дауыс берді. Аз ғана уақыт ішінде Қазақстан жаңа құқықтық жүйесі, экономикалық құрылымы, азаматтық қоғамы бар жаңа мемлекет ретінде әлемге танылды. Жаңа Конституция экономикалық реформаларға қарқын беріп, мемлекеттік құрылым мен қоғамдық қағидаттары нығайтудың заңнамалық базасын құруын қамтамасыз етті. Осыған байланысты еліміз үшін жаңа демократиялық институттар құрылды, билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлініп, демократияның негізгі қағидаты іске асты.

Одан бергі кезеңде еліміздің заңы уақыт сынынан өтіп, өзінің өміршеңдігін, орнықтылығын дәлелдеді. Оның базалық жағдайы барлық халықаралық стандарттарға сәйкес және қазіргі кездегі мемлекет пен қоғамның негізгі даму үрдісімен тығыз байланыста. Конституциямен бекітілген мемлекеттік басқару моделі өзін-өзі толығымен ақтады. Елімізде президенттік институт, қос палаталы Парламент, Үкімет, конституциялық бақылау органы және басқа да мемлекеттік органдардың жұмыс істеуі соның айғағы. Қылмыстық саясатты ізгілендіруді іске асыру үшін Қылмыстық кодексті қабылдауға қадам жасалды. Бұл айрықша жаза қолданылуы мүмкін ауыр қылмыс санының азаюына ықпал етті. Ел Конституциясының кейбір ережелері республикалық референдумда қабылданған сәттен бері мемлекет пен қоғамның дамуына және уақыт ағымына сай екі мәрте өзгертулер мен толықтыруларға ұшырады. 2007-жылғы өзгерістер мен толықтыруларда еліміздің қоғамдық-саяси жүйесінің негізі заңнамалық іргетасы болып табылатын «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңдарға өзгертулер енгізілді. Ал, 2008-жылдың қыркүйегіндегі өзгеріске сай, тұтқындарға рұқсатты тек сот береді, бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Бұл өзгеріс азаматтардың еркіндігі мен құқығын қорғаудың қалыптасқан мемлекетішілік механизмдерінің халықаралық-құқықтық формаларымен біртіндеп толығып отыруын қамтамасыз етті.

Барлық қазақстандықтардың құқықтарының теңдігі, саяси тұрақтылықтың басымдылығы негізінде елімізде этносаралық, конфессияаралық келісім нығайып, халықаралық қауымдастыққа үлгі болды. Конституцияда қазақстан адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы болып табылатын демократиялық, құқықтық мемлекет деп көрсетілген. Қазір қоғамда адамдардың болашаққа деген көзқарастары өзгерген, мемлекеттің одан әрі дамып-гүлденуіне сеніммен қарайды. Ата Заң әлеуеті үстемдік алған Қазақстанның саяси және әлеуметтік әділетті, экономикалық еркін ел ретінде берік іргетасын нығайта түсті. Конституция Тәуелсіз мемлекетіміздің тарихи дамуының негізі ретінде ғана қалыптасып, танылып қана қойған жоқ, ол барлық заңдардың бастауына айналды.

Біздің міндетіміз Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатаң ұстану. Басты талап – Ата Заңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Ата Заңымыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолымыз, арқа сүйер асқар тауымыз, ардағымыз. Қорыта келгенде айтарымыз, 1995-жылдың 30-тамызында қабылданған Ата Заңның жарыққа шығуы ел халқы үшін Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихынада елеулі оқиға болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданған Ата Заң бүгінгі таңда елдің айбарына айналды. Төл мерекеміз баршамызға құтты, баянды болсын, приозерскілік жерлестер!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі.*

# АТА ЗАҢ-МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ




1995 жылы 30 тамыз күні бүкіл-халықтық референдум арқылы қабылданып, мемлекетіміздің болашағына жөн сілтейтін басты құжат болып халық атынан жаңа конституциямыз қабылданды. 30 тамыз-1995 жылы республикалық референдума Конституцияны қабылдау күні мемлекеттік мерекесі - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні ретінде жарияланды.

Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституция, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие. Конституция жобасы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап жасалына бастады. Конституция қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтті.

Біздің Конституциямыз бойынша Қазақстан халқы егемендіктің иесі, республикадағы мемлекетік биліктің жалғыз қайнар көзі болып табылады. Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр.

Адам тумасынан өзіне қажетті құқықтар мен бостандықтарға ие. Ал ол өз мемлекетінің азаматтығын алғаннан кейін азаматтық құқықтарға ие болып, тиісті міндеттерді қоса атқаруға тиіс. Конституцияда адамды қастерлеу, құрметтеу, адамгершілік сезімдеріне үлкен маңыз берілген. Әркімнің өзінің жеке басының бостандығы заң жүзінде қорғалған. Заң бойынша адамның жеке басының кадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік, тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының болашағы жарқын, келешегі кемел болатынына сеніміміз мол.

Ата заңымыздың қашанда тұғыры биік, болашағы жарқын болсын!

**Д.А.Сатыбалдин,**
*Приозерск қалалық сотының кеңсе басшысы*

*Цифрлы Қазақстан*

# СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ – МІН ТҮЗЕЛМЕС НЕМЕСЕ «DIGITAL AGENT» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ТУРАСЫНДА

**Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету маңызды бағыттардың бірі болып айқындалған.**

ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің басты мақсаттарының бірі — халыққа көрсетілетінмемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру – тұрғындардың мемлекеттік органдар қызметіне сенімін көтерубоып табылады. Бүгінгі күні «қызмет алушыға бағдарлану», қызмет алудың ашықтығы мен қол жетімділік қағидаттары басым.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалай алады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта мобильді қосымшаға жергілікті атқарушы органдар мен денсаулық сақтау мекемелерін тіркеу жүргізілуде.

Мемлекеттік қызметтер сапасына бүгінгі таңда мобильді қосымша арқылы 2764 баға түсті, оның 95% оң, ал 5% жағымсыз бағалар. Барлық жағымсыз өтініштер толық қарастырылып, уақытылы өңделіп, олар бойынша оң шешімдер қабылданды. Көбіне жағымсыз пікірлер Мемлекеттік корпорация филиалдарының қызметіне, оның ішінде ұзақ кезекке, қызметкерлердің біліктілігіне және т.б. қатысты түседі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету орында-




рында және ел көп шоғырланатын жерлерде мобильді қосымшаны қолдану бойынша «LED экрандар» арқылы бейнероликтер көрсетіліп, нұсқаулықтар мен жаднамалар орналастырылып, кітапшалар таратылуда.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында оларды смартфон арқылы онлайн түрде бағалау мүмкіндік әзірленді. 2018 жылдың қараша айынан бастап қосылған **«Digital agent»** *(Цифрлық агент)* мобильді қосымшасы арқылы кез келген қызмет алушы көрсе-тілген мемлекеттік қызметтің сапасына баға беріп, сондай-ақ өтініштер мен ұсыныстарды қалдыра алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау критерийлерінің тізбесінде: мамандардың біліктілігі, сыпайылығы, әдептілігі, мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі жағдайлар, әкімшілік кедергілер және т.б. көзделген. Бағалау 5 баллдық жүйе арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, мобильді қосымшаға суреттер мен бейнематериалдарды жүктеу мүмкіндігі бар.

Бүгінгі таңда қызмет алушылар Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, қала және аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларының, еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаментімен сондай-ақ, сот органдарымен көрсетілетін мем-

«Digital agent» мобильді қосымшасын кез келген тұлға «Play market», «App store» сервистік бағдарламалары арқылы жүктеп қолдана алады. Аталмыш қосымшаны орнатқаннан кейін тек тіркеуден өту қажет. Содан соң, бағалайтын қала мен мекемені таңдайды. Бағалау жолданғаннан кейін Департамент қызметшілері өз құзыреті шегінде әрекет етеді, қысқа уақыт ішінде мәселелі сұрақтарды қарап, шешу жолдарын қарастырады.

Енді әрбір азамат көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша кері байланыс бере отырып, мәселесін шеше алады.

**Г.Медеуова,**
*ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы*

# АУДАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ГАЗЕТ РЕДАКТОРЫ

*Өмірі – өнеге, ісі – ұлағат*



Бала кезімізде аудандық «Социалистік шаруашылық» газетін алып оқығанда газет редакторы деген жерде Қани Амандықов деп тұратын. Өз басым сол адамды көріп, қолынан алуды армандайтынмын. Газет бастығының қандай адам екендігін ойша көзге елестетінмін. Алайда, менің балалық арманым Тамдының мектеп-интернатына келгенде ғана жүзеге асты. Бізді ол кезде демалыс күндері ауданның көрікті және тарихи орындарына апарып, тәрбиешілеріміз тамашалатып отыратын. Осылайша, төртінші сыныпта Қани Амандықов атамызбен алғаш жүздесіп, қолын алудың сәті түсті. Ол кезде газеттің редакциясы ескі орынында болатын. Қани атаның алдында отырып, ол кісінің айтқан керемет тағылымды әңгімелеріне куә болдық. Арадан біраз жыл өтіп, жігіт болған жасымда осынау газеттің тілшісі, жауапты хатшысы боламын деген ой бұл кезде болған жоқ менде. Дегенмен, бала кездегі арманым ақын-журналист болу екенін талай рет жазып жүрмін. Ендігі әңгіме бағытын маған және талай балаға үлгі-өнеге болған Қани атамызға бұрғанымыз жөн болар. Себебі атамыздың туғанына бүгінде 110 жыл толып отыр. Деректердің көбі бүгінгі таңдағы Тамды аудандық газетінің редакторы Шәміл Әбдісаматовтан алынды.

Тауелібай топырағында 1909-жылы дүниеге келген Қани атамыз Тамдыда алғашқы ашылған мектеп-интернатта, кейін сол кездегі Қарақалпақстанның орталығы болған Төрткүл қаласындағы кеңес мектебінде, Ташкенттегі Орта Азия жоғары оқу орнында білім алған. Ол ксі ұжымшар басқарма төрағасы, аудандық атқару комитетінің төрағасы, партия комитетінің хатшысы, ауылдық кеңес төрағасы және осындай лауазымдарда, жауапты жұмыстарда ұзақ жыл жемісті жұмыстар атқарып, абыройбеделге, ел құрметіне бөленген атпал азаматтардың бірі болды. Біздің аймақтағы ең алғашқы Өзбекстан және КСРО журналистер одағының мүшесі болған Қани атаның есімі ауданымыз өмірінің айнасы – аудандық газет тарихы туралы әңгіме болғанда, ең алдымен тілге алынатыны да заңды. Өйткені, ол аудан баспасөзінің бастауында тұрған білікті ұйымдастырушы, ғұмыр бойы қолынан қаламы түспеген қарымды журналист, дарынды қаламгер. Ол ауданда тұңғыш баспасөздің жарық көруіне ат салысты. Аудандық газетіміздің алғашқы сандары сәл әріректен бастап шыға бастаса да, ресми тілде 1938-жылы жарық көрді деп белгіленген. 1935-жылы «Қаракөл» совхозының саяси бөлімі ретінде «Шопандар үні» деген атпен шыға бастаған газет негізінде көп ұзамай-ақ, аудандық «Социалистік шаруа» газеті болып шығарыла бастайды. Әріптерді сонау Төрткүлден түйе керуенімен алдырып, қолмен теріліп, қолмен бастырылып, зор қиындықтармен шығатын, үлкен төзім, күш-қайрат жұмсауды қажет ететін бұл жұмыстардың үдесінен шығып, төл газетіміздің алғашқы ұйытқысы, тұңғыш баспасөз қарлығашы болған Қани атаның аудандағы баспасөз қызметінің дамуына қосқан үлесін ел-жұрты




әрдайым мақтаныш тұтады. Тамды тарихында бұрын-соңды болмаған мұндай қиын да күрделі жұмысты Қани ата асқан жауапкершілікпен, үлкен ынта-ықыласпен атқарған болатын. Жаппай отырықшылық, сауаттандыру істері қарқынды алып барылып жатқан сол кезде аудан тарихы мен тұрмыс-тіршілігіндегі тұңғыш газеттің жарық көре бастауы орасан зор рөл атқарғаны сөзсіз. Сондықтанда біз секілді ізінен ерген журналистер ол кісіні аудан журналистикасының атасы ретінде танимыз және құрмет тұтамыз.

Еңбек жолын Тамды аудандық партия комитетінде қызмет етіп бастаған Қани ата, 1933-1935-жылдары Ташкент қаласындағы ауылшаруашылығы мектебінде оқып, оны бітіріп келген, 1935-жылдан 1939-жылға дейін баспасөз қызметімен айналысып, тұңғыш рет жарық көрген газетіміздің алғашқы редакторы әрі журналисі болды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталмастан бұрын, 1939-1941-жылдары Қарақалпақстан АССР-ы облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарған Қани ата ер азаматтармен бірге ел қорғауға аттанады. Оны бұл сапарға жұбайы Айманкүл апа мен Пория есімді қызы шығарып салады. Майданда 81-полк, 2-гвардия, Батыс Украина майданында рота командирінің саяси бөлім бойынша орынбасары қызметін атқарған Қани ата Харьков қаласын азат етуге өз үлесін қосады. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін І-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, мұнан басқа көптеген медальдармен марапатталады.

Ұрыстан кейін ауданымызға қайта оралған Қани ата аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, аудандық Кеңес атқару комитетіне төрағалық ете жүріп, өзі іргетасын қалаған газет ісімен одан әрі шұғылданады. Оның түрлі тақырыпта жазған мақалалары, өлеңдері, тағы басқа жанрда қалам тербеген шығармалары газет бетінде үнемі жарияланып тұрады. Өмірінің ақырына дейін аудандық газеттің белсенді тілшілерінің бірі болған Қани атаның «Қос жұлдызды қаһарман», «Тамдының шамшырақтары» атты кітаптары да жарық көрген. Колхоз-совхоздарда басқарма төрағасы, директор және аудандық атқару комитетінде төраға болып жүріп, аудан экономикасын көтеруге, мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметінде істеп, аудан мәдениетін дамытуға, алғашқы газетті шығарып, оның өркендеуіне де мол үлес қосқан Қани ата тәжірибесі мол, парасатты, сөзіне ісі сәйкес, өнегелі өмірі мен еңбегі өзгелерге өрнек болған халық құрметіне бөленген ел жақсыларының бірі болды.

1974-1975-жылдары ауданымызда болған аты аңызға айналған «Қазақ вальсінің королі» атанған, әндерін үлкен-кіші сүйіп тыңдайтын, талай жүректерге қайталанбас тамаша әндерімен жол тапқан Шәмші Қалдаяқов та ауданымызға сол кісінің бастамасымен, шақыруымен келген. Өлең, өнер десе, ішкен асын жерге қоятын Қани ата ауданымызға келген құрметті қонақ, атақты композиторды қызы Розамен бірге 227-станцияда күтіп алады. Өлкемізде құрметті қонақ болған Шәмшінің өлкеміздің ару қызына арнап шығарылған «Тамды аруы» әні сол келгенінде дүниеге келген болатын... Аудан баспасөзін өркен-детуге ерен еңбек сіңірген Қани ата қайсы салада істемесін адал еңбек етті, аянбай тер төкті, сол үшін де ол үнемі ел құрметінде болды. Үстіміздегі жылы туылғанына 110 жыл толатын соғыс және еңбек ардагері, ел құрметіне бөленген аса құрметті кісі Қани ата 1986-жылы 14 қыркүйекте 77 жасында дүниеден өтті. Қани атаның ел игілігі жолында атқарған еңбектері ескерусіз қалған жоқ. Баспасөз саласындағы ерен еңбектері үшін «КСРО жазушылар одағының мүшесі» атағын иелеген

Қани ата «Құрмет белгісі» және 1-дәрежелі « Отан соғысы» ордендерімен, 9 медаль, үкіметіміздің көптеген грамоталарымен марапатталған. Бірнеше рет облыстық, аудандық Кеңес депутаты да болып сайланған.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, үлгілі жанұя болған Қани ата мен оның өмір серігі Айманкүл апаның артында ел құрмет еткен ата-анасының абыройын одан әрі асқақтатар ұл-қыздары қалды. Қани атаның үлкен ұлы Қазбек – Тамды-Үшқұдық аудандарында оқу-ағарту саласында қызмет еткен және Тамдыдағы Ю.Гагарин атындағы мектеп интернатта бізге дәріс берген, баян мен мандолина аспатарында шебер ойнайтын музыкант ретінде танымал тұлға болса, Әзізбегі – киномеханик, ол да қалалық, аудандық ХББ бөлімінде қызмет атқарды. Ауылшаруашылық институтын аяқтап, ұзақ жыл ауданда түрлі қызметтерде болған Әуезхан есімді ұлы «Жаңашаруа» мемшарында директор, ауданда комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметтерінде істеді. Қызы – Рая да ұстаз, Навои пединститутында аға оқытушы, кейін бұл жұмысын ол Зарафшан қаласындағы № 2 мектепте жалғастырды. Кенже қызы Роза – кәсіпкер, кешегі күнге дейін Зарафшан қаласындағы «Агама» фирмасында қызмет етті, қазіргі күні ол басқа бауырлары қатарында атамекенге қоныс аударған.

Салиқалы да сарабдал сөздерімен, аудан тарихында өшпес із қалдырған, ерен игілікті істерімен, мәнді, мағыналы, өнегелі де өркенді, мазмұнды өмірімен өзіндік қолтаңбасын қалдырған Қани атаның есімі ел жадында мәңгілік сақталады. Ол өз заманының жаршысы бола отырып, ел ертеңі оның жарқын болашағы үшін әрбір іс-әрекетімен күресе білген ерек кісі болды. Қани атаны өмірінің соңғы жылдарында науқастанып жатқанда газеттің сол кездегі редакторы Қайыпназар Шотбасов бастаған, Есенбай Оразамбетов марқұмдармен бірге барып көңілін сұрап шыққанымыз бар. Аудан журналистерінің көшпасшысы ретінде салған сара жол бастауы өміршең екендігін баспасөз саласындағы бүгінгі өркенді тірлігіміз айқындай түсуде. Жарқын болашағымыз үшін өлшеусіз үлес қосқан атаның рухы желеп-жебеп, ол бастаған игілікті істер игілікке бастай берсін дейміз.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*ҚР ЖО мүшесі, ақын.*
**Суретте: Қ.Амандықов**

# ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ ПРО ОБЯЗАТЕЛЬНОЕ СОЦИАЛЬНОЕ МЕДИЦИНСКОЕ СТРАХОВАНИЕ?

*К сведению населения*

**Система обязательного социального медицинского страхования (далее – ОСМС) – это государственная система социальной защиты интересов в сфере охраны здоровья населения.**

Обязательное социальное медицинское страхование гарантирует всем гражданам Казахстана, оралманам, а также иностранцам и лицам без гражданства, постоянно проживающим на территории Казахстан, независимо от пола, возраста, социального статуса, места проживания и доходов равный доступ к медицинской и лекарственной помощи.

Граждане имеют право на получение медицинской помощи в системе ОСМС при наличии взносов и отчислений в Фонд социального медицинского страхо-вания.

**Что даст новая система медицинского страхования?**

**Доступное лечение:** получаете право на медицинскую помощь в любой, по Вашему выбору, государственной или частной клинике в рамках пакета ОСМС.

**Качественную медицинскую помощь:** Фонд будет вести строгий отбор медорганизаций. Каждая клиника будет заинтересована в оказании высококвалифицированной помощи. Фонд будет платить больницам и поликлиникам деньги только за предоставление качественных медицинских услуг и жестко контролировать их оказание.

**Бесплатные и доступные лекарства:** Вы имеете право на получение бесплатных лекарственных средств по видам заболеваний, установленным государством.

**Полную информацию о своем здоровье:** Будет организована новая электронная система здравоохранения, в рамках которой Вы будете иметь свой личный кабинет. В нем будет вся информация о Ваших посещениях поликлиник, лечении в стационарах, результаты обследований и анализов, заключения врачей и их рекомендации.

Если Вы или Ваш работодатель регулярно делаете отчисления в Фонд социального медицинского страхования (Фонд), то Вы становитесь участником этой программы.

**ЗАСТРАХОВАННЫМИ СЧИТАЮТСЯ:**

-Наемные работники, за которых работодатель (с 01.07.2018г.) и сам работник (с 01.01.2020г.) осуществляет отчисления и взносы в Фонд;

-Индивидуальные предпринимателя, частные нотариусы, адвокаты, частные судебные исполнители, профессиональные медиаторы (с 01.01.2020г. в размере 5% от 1,4МЗП)

-Иные граждане, самостоятельно осуществляющие взносы в Фонд (с 01.01.2020г. в размере 5% от 1МЗП)

-Льготные категории граждан, за которых взносы платит государство.

Наемным работникам ежемесячно будет платить работодатель от 1% с 2017 г. 1,5 % к 2018-2019г.г., 2% с 2020г., 3% с 2022г. от объекта отчисления. А сами работники, начинают платить с 2020 г. по 1% от своей месячной заработной платы, 2021 г. – 2%.

Если Вы не работаете, то Вам необходимо обратиться в местные центры занятости, где Вам предложат варианты трудоустройства. Если подходящей работы не будет, Вас зарегистрируют в качестве безработного. В этом случае за Вас будет платить государство.

**Имеют одинаковые с другими гражданами Казахстана ОБЯЗАННОСТИ по выплате взносов в ФСМС и ПРАВА на пакеты ГОБМП и ОСМС в полном объеме:**

-Наёмно работающие иностранные граждане обязаны вносить взносы через своих работодателей.

-Самозанятые иностранные граждане обязаны самостоятельно вносить взносы через банки второго уровня или отделения «КазПочты».

-Пенсионеры – иностранные граждане с видом на жительство в Казахстане будут застрахованы государством.

ФОНД
СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО
СТРАХОВАНИЯ

-Иностранный гражданин должен самостоятельно выбрать и прикрепиться к одной из поликлиник.

-Постоянно проживающие иностранные граждане с видом на жительство в Казах-стане обязаны быть застрахованными в ФСМС.

На сегодня поставщиками Фонда только в Карагандинской области являются 118 медицинских организаций, 61 из которых – частные. Данные свидетельствуют о том, что частные организации поддержали инициативу Фонда и сейчас активно подают документы для участия в размещении объемов медицинских услуг. При этом будут обеспечены равные условия и возможности, как для государственных, так и для частных больниц и поликлиник.

**Центральная больница г.Приозерск**

*Жана оқу жылы алдында*

# ҰСТАЗДАРДЫҢ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Кеше ғана зор қуанышпен жазғы демалысқа шыққан оқушылар мен ұстаздардың кезекті қуанышты кезеңі туатын сәтке де келіп қалыппыз. Ендігі жерде оларды тоғыз айға созылатын жаңа оқу жылының қарбаласы мен еселі еңбегі күтулі. Балабақшада тәрбиеленген бүлдіршіндердің үлкен тобы алғаш болып мектеп




табалдырығынан аттайтын болса, мектеп бітіруші түлектердің жаңа тобы мектептегі соңғы жылдарын өткізбек. Осынау жаңа оқу жылының басталуына байланысты дәстүрлі тамыз кеңесі де болып өтті.

Биылғы жылдың 26-тамызында «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Келешекке – кемел біліммен» тақырыбында аталған тамыз кеңесі өтті. Тамыз кеңесіне қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мухсинұлы Сәрсенбеков, қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова, білім бөлімінің




әдіскерлері, ұстаздар қауымы мен ата-аналар қатысты. Қала әкімі Қ.А.Камзин тамыз кеңесіне жиналғандар алдында сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады және олардың қиын да, қызықты жұмыстарына табыс тіледі.

Қала әкімінің ұстаздар қауымын құттықтау сөзінен кейін мінберге көтерілген қалалық білім бөлімінің басшысы Г.К.Қасымова 2019-2020-оқу жылында енетін өзгерістер мен 2018-2019-оқу жылындағы жетістіктерге тоқталды. Былтырғы оқу жылында жаңа сапалы білім беруге ауысудағы маңызды қадам облыстың барлық мектептерінде «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін тарату болған. Осыған орай, республикада алғашқылардың бірі болып 2018-жылы Қарағанды облысы әкімдігі мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ арасында әріптестік туралы меморандумға қол қойылды.

Білім беру жүйесінің шеңберін ұлғайту мақсатында және Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесін одан әрі насихаттау мақсатында 2019- жылғы мамыр айының 23-24-күндері Балқаш қаласында «Ұлы дала мұрагерлері» форумы өткізілді. Бұл ісшара Балқаш, Приозерск қалалары, Шет, Актоғай аудандарының білім ардагерлерінің, педагогтері мен оқушыларының және қала тұрғындарының басын қосты. Форумда шеберлік сыныптары, шеберлер қаласы, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің «100 күй», «100 ән», «2 апта ауылда», «Ата-ана кәсіпорнында 10 күн», «Қобыланды батыр» жырын жатқа айту, «100 кітап» желісінде әдеби салон, тағы басқа жобаларына қаламыздың мектеп оқушылары мен мұғалімдері қатысып, өз шеберліктері мен өнерлерін көрсеткен болатын. Тамыз кеңесінде осы форумда көрсетілген бірнеше жобаларды ата-аналар мен ұстаздар және қонақтардың назарларына ұсынылды.

Тамыз кеңесінің жиынына қатысқан оқытушылар мен ата-аналар жаңа оқу жылынан соны жаңалықтар мен үлкен нәтижелер күтетіндігін байқатты. Ал, 2019-2020-жаңа оқу жылына қаламыздағы екі мектептің де ағымдағы жөндеу жұмыстарынан сапалы өткеріліп, сақадай сай екендігінен және жаңа оқу жылына қажетті оқулықтармен толыққанды қамтамасыз етілгенінен хабардармыз. Санаулы күннен соң оқушылары мен ұстаздарға есігін айқара ашатын жаңа оқу жылының басталуымен және «Білім күні» мерекесімен барша ұстаздарды, шәкірттерді және ата-аналарды құттықтаймыз!

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**



## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ




**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**

***

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**
**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**
**Выходной - Понедельник**

****

**Запись по телефону:**
**мастера-парикмахеры:**
**8-775-274-25-87 (Анталий)**
**8-747-970-25-81 (Карлыгаш).**
**На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)**




**ОБЪЯВЛЕНИЕ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ**

**НЕДВИЖИМОСТЬ**

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.
Возможен торг.
г. Караганда, ( город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м$^{2}$.
Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе.
Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

# ВАКЦИНАЦИЯ ПРОТИВ ТУБЕРКУЛЕЗА ВРЕМЕННО ПРИОСТАНОВЛЕНА В КАЗАХСТАНЕ

**Вакцинация против туберкулеза временно приостановлена в Казахстане. Об этом на пресс-конференции в Службе центральных коммуникаций сообщила председатель Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения РК Людмила Бюрабекова, передает корреспондент Kazpravda.kz.**

Профильный комитет Министерства здравоохранения РК отозвал японскую вакцину против туберкулеза. В настоящее время ведомство принимает меры по закупу новой вакцины, которая предположительно поступит в стану через пару месяцев.

"Последние четырнадцать лет против туберкулеза в Казахстане применялась вакцина производства Японии, которая показала свою эффективность, было минимальное количество осложнений. Однако на сегодня японский производитель проинформировал Министерство здравоохранения РК о том, что отзывает 33 серии своей вакцины из 35 стран. 5 серий из этих 33 поставлялись в нашу страну и применялись ранее. Причина отзыва вакцины БЦЖ – это обнаружение производителем инородного вещества в растворителе к вакцине, выявленного в процессе упаковки. Данная мера соответствует международным стандартам и стандартам фармакологического надзора Японии. В связи с этим, на сегодня Комитетом принято решение об изъятии данных серий с рынка и приостановлении вакцинации", – сообщила Бюрабекова.

"Единый дистрибьютор проводит переговоры с ЮНИСЕФ. Будет закуплена вакцина производства Serum Institute of India (Индия). Ожидаемый срок поставки – где-то через два-три месяца.

В заключение она подчеркнула, что ежегодно в стране вакцинируется более 7 тысяч новорожденных и около 230 школьников, а заболеваемость туберкулезом за последние 20 лет была снижена в 2,5 раза, смертность в 15,3 раза.

**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-106.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,
Заказ № 35/627. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*